

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№12

2021 жылғы 14 қаңтар

**Ақтөбе облысының 2021-2025
жылдарға арналған Аумақты
дамыту бағдарламасы туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің 43-тармағына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Ақтөбе облысының 2021-2025 жылдарға арналған Аумақты дамыту бағдарламасы бекітілсін (бұдан әрі - Бағдарлама).

2. Облыстық басқармалар:

Бағдарламада белгіленген, нысаналы индикаторларға қол жеткізуді қамтамасыз ету бойынша барлық қажетті шараларды қабылдасын.

3. Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы облыстық басқармалармен бірге, белгіленген тәртіпке сәйкес Бағдарламаның іске асырылуын және мониторингін жүргізісін.

4. Ақтөбе қаласы және аудандардың әкімдері Ақтөбе қаласының және аудандардың аумақты дамыту бағдарламаларын тиісті мәслихаттардың шешімдерімен бекітуді қамтамасыз етсін.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

Т. ЕСЕНҒҰЛОВ

А. НУГМАНОВ